Бекітемін
Колледж директоры
Сарыбекова Ж.Н. ________
«31» ___01___ 2019 жыл

Білім сапасы және мониторинг бөлімі туралы Ереже/
Положение об отделе качества знаний и мониторинга

ОЖ-СМЖ/УР-СМК
04-08-01

ОӘЖ-СМЖ/УМР-СМК
04-08-01

## Келісу парағы / Лист согласования

| Лауазым /Должность | Аты-жөні /ФИО | Қолы /Подпись | Мерзімі / Дата |
|---|---|---|---|
| Сапаның жоғары басшылығы / Высшее руководство покачеству | Сарыбекова Ж.Н. | [signature] | 31.08.19 |
| Сапаның басшылық өкілі/ Представитель руководства по качеству | Иманбекова Ж.Б. | 31.08.19 | [signature] |

1. Жалпы ережелер.
2. Білім беру сапасы мониторингісінің негізгі түрлері
3. Білім сапасы және мониторинг бөлімідегі білім сапасын тексеру құрамы
4. Ағымдағы үлгерім мониторингі
5. Студенттердің пән бойынша қайта тапсыру және өтеу механизмі
6. Іске енгізу.
7. Тарату, сақтау және өзгерістерді енгізу.
8. Негізгі құжаттама.

**Жамбыл медициналық колледжінің білім сапасы және мониторинг бөлімі**

1. **Жалпы ережелер**

1.1 Жамбыл медициналық колледжінің білім сапасы және мониторинг бөлімің ережесі Қазақстан Республикасының ғылым және білім министірлігінің 2017 жылғы 29 қараша №583 бұйрық «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыруды» негізгі ала отырып құрастырылды.

1.2 Білім сапасының мониторинг жүйесі білім сапасы және мониторинг бөлімінің басшылығымен жүргізіледі.

1.3 Білім сапасының мониторинг жүйесі Жамбым медициналық колледжінің бекітілген құжатталған рәсімдері мен ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

1.4 Білім сапасының мониторинг бөлімі колледждің сапа менеджменті жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сапа менеджменті көп жағдайда оқу үдерісі аясында жүзеге асырылады.

1.5 Мониторингілік рәсімдер жоспарлы түрде ұйымдастырылуы қажет.

1.6 Сапа мониторингінің қорытындылары аналитикалық анықтамалар (есептер, баяндамалар) түрінде ресімделіп, колледждің әкімшілік отырыстарында директордың қатысуымен қаралуы тиіс.

1.7 Колледждің қазіргі үдерістерін ұйымдастырумен байланысты ішкі нормативтік құжаттар сапаны қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

1.8 Сапа мониторинг жүйесіне қойылатын талаптар:

- жүйе білім беру үдерісінің негізгі қатысушыларына бейімделуге тиіс;
- жүйенің қызметі өткізілетін мониторингтің айқындығын және оның қорытындыларының колледж ұжымы үшін ашық болуын қамтамасыз етуге тиіс;
- жүйе кері байланыс қағидасының сақталуын қамтамасыз етуге және жалпы сапаны арттыру бойынша қабылданған түзету шараларының жүзеге асырылуын талдануды қарастыруға тиіс;
- жүйе колледж өмірі айналымының үдерісін жетілдіруге бағытталған әр түрлі мониторинг түрлерін қарастыруға тиіс;
- жүйе мониторингтің қабылданған талаптарына сәйкес келуге және қабылдау, ағымдағы үлгерім мен бітіру сапасының талдау қағидаларының сақталуын және білім беру үдерісіне қатысушылардың қанағаттанушылығын қарастыруға тиіс;

2. **Білім беру сапасы мониторингісінің негізгі түрлері**

2.1 Мониторингтің оқу үдерісімен байланысты негізгі түрлері студенттердің ағымдағы үлгерімдерінің мониторингі, студенттердің алған білімінің мониторингі, студенттердің бітіру сапасының мониторингі, пәндердің оқытылу сапасының мониторингі, білім алушылардың көрсетілген қызметтер сапасына қанағаттану мониторингі, оқытушылар құрамының кәсіби дамуының мониторингі болып табылады.

**3. Білім сапасы және мониторинг бөлімідегі білім сапасын тексеру комиссия құрамы**

3.1 Білім сапасын тексеру комиссияларының мүшелерін сайлау ЦӘКтің мүшелерінің қатысуымен жүзеге асады.

3.2 Білім сапасын тексеру комиссиясының мақсаты.

- Колледждің білім беру қызметі сапасын арттыру.
- Білім беру ұйымдарының даму тенденцияларын бағалау және болжау.
- Оқытушылардың білім беру сапасымен, білімгерлердің білім алу сапасын тексеру.
- Білім сапасын жалпы және жеке диагноздау, жұмыстардың деңгейін бағалау.

- Ақпаратты жүйелеп, жиналған ақпаратты өндеп, мониторинг жүргізу.

3.3. Комиссияның міндеттері.

- Комиссия мүшелері ЦӘК-дағы әр пәнге жауапты оқытушыға тестің электронды кодын тапсырады.
- Тестің оқу бағдарламасына сай құрастырылғанын, сағат санына сәйкес болуын қадағалайды.
- Тесттердің уақытылы компьютерге енгізілгенін, тестің Білім сапасы және мониторинг бөліміне электрондық нұсқасын өткізуін қадағалайды.
- Құрастырылған кесте бойынша директорлық қима бақылауы алынады, нәтижесі Білім сапасы және мониторинг бөліміне өткізіледі.

3.4. Білім сапасын тексеру комиссиясының құжаттары.

- Білім сапасын тексеру комиссиясы жұмыс жоспарын құрастырады, отырыс хаттамаларын жүргізеді, жұмыс туралы есеп жасайды.

3.5.Бағалау критерийлері.

Студенттердің білім сапасын тексеру үшін осы комиссия және оқу бөлімі тесттерді бағалау критерийлерін ЦӘК төрайымдарына таратып береді. ЦӘК оқытушылары критерийлермен студенттерді таныстырады. Берілген критерийлер электронды тесттер нұсқауларында қолданылады.

Тесттерді бағалау критерийлері

| Бағалар | % | 100 сұрақ | 60 сұрақ | 50 сұрақ | 35 сұрақ | 30 сұрақ | 25 сұрақ | 20 сұрақ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «5» | 95-100% | 0-5 | 0-3 | 0-3 | 0-3 | 0-2 | 0-2 | 0-1 |
| «4» | 80-95% | 5-19 | 4-11 | 4-9 | 4-8 | 3-5 | 3-4 | 2-3 |
| «3» | 66-80% | 20-33 | 12-20 | 10-16 | 9-11 | 6-10 | 5-8 | 4-7 |
| «2» | 66% төмен | 34 жоғары | 21 жоғары | 17 жоғары | 12 жоғары | 11 жоғары | 9 жоғары | 8 жоғары |

Емтихан немесе сараланған сынақтар жоқ пәндерге қорытынды баға орта арифметикалық бағалар сияқты қойылады баға «3» («қанағаттанарлық») орта балл кезінде 2,8 – 3,5 – ке дейін; қорытынды баға «4» («жақсы») орта балл кезінде 3,6 – 4,6 – ге дейін; қорытынды баға «5» («өте жақсы») орта балл кезінде 4,7 – 5,0 – ге дейін; қорытынды баға «2» («қанағаттанарлықсыз) орта балл кезінде 2,9 дейін қойылады

**4.1 Ағымдағы үлгерім мониторингі** теориялық, семинарлық сабақтар, өз бетінше дайындалу, сараланған сынақтар, емтихандар мен іс-тәжірибеден өту шеңберінде студенттердің дамуын бағалауды қарастырады.

- Студенттердің ағымдағы дамуын бақылау рейтингтік жүйе арқылы жүзеге асырылады.
- Ағымдағы үлгерім мониторингі семестрлік сессиялар мен студенттердің тәжірибелік дағдыларының қорытындыларын талдау аясында жүзеге асырылады.

- Талдау сессиялардың академиялық көрінісінің бағалануын, оның ішінде мамандықтар, емтихан пәндері тұрғысынан студенттердің үлгерімдерінің артуы мен білім сапасының дамуын қамтуы қажет.
- Тәжірибелік дағдыларды талдау оқу барысында теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын студенттердің кәсіби дамуына баға беруді қарастырады.
- Студенттердің ағымдық үлгерімін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:
- студенттердің ағымды және аралық бақылауға қатысу көрсеткіші;
- студенттердің үлгерім көрсеткіші;
- студенттердің білім сапасының көрсеткіші;
- студенттердің орташа балы;
- соңғы екі жыл сессиясының сапалық көрсеткіштерінің динамикасы;
- оқу бөлімдері сапалық көрсеткіштерінің ара қатысы;
- оқу курстары арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- студенттердің қорытынды мемлекеттік аттестациясын, студентеттердің оқу жетістіктерін сырттай бағалауда пәндер арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- бөлімдер арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- төменгі сапалық көрсеткішті мамандықтардың болуы;
- төменгі сапалық көрсеткішті пәндердің болуы;
- төменгі сапалық көрсеткішті мамандықтар мен пәндердің пайда болуына себеп болған факторлар.

**5. Студенттердің пән бойынша қайта тапсыру және өтеу механизмі**

- студентердің пән бойынша өтеу парағын алуы;
- көрсетілген мерзім бойынша 10 күн аралығында тапсыру;
- студенттердің пән бойынша қайта тапсырудан немесе өтеуден алған бағаларын тіркеу;
- өтеу механизмі бойынша пән оқытушыларының рейтингісін шығару;
- ай сайын әкімшілік отырысында қорытынды есеп беру.

**6. Іске енгізу.**

Кәсіпорынның осы ережесі кәсіпорынның директоры бекітілген кезінен іске енгізіледі.

**7.Тарату, сақтау және өзгерістерді енгізу.**

Тарату, сақтау және өзгерістерді енгізу ЖМК ҚП-СМЖ-01 «СМЖ құжаттарының құрастыру реттеу және басқару реті» құжатымен сәйкес жүзеге асырылады

**8.Негізгі құжаттамалар.**

ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджмент жүйесі. Талаптар»
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі ережелер және сөздігі»
ЖМК ҚП-СМЖ-01 «СМЖ құжаттарының құрастыру реттеу және басқару реті»
Қазақстан Республикасының ғылым және білім министірлігінің 2007 жылғы 29 қараша №583 бұйрық «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру»